«ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЫНА ҚАРСЫ САНАТОРЛЫҚ ТҮРДЕГІ «НҰР» БАЛАБАҚШАСЫ»

«Jungle Party» ертеңгілігі



Өткізген: Құдайберген Н.М

Смагулова Г.Ш

1 Маусым — Балалар әлемі»
«Jungle Party» ертеңгілігінің сценарийі
Өткізуші: тәрбиеші
Құдайберген Наргиза Маратқызы
Смагулова Гүлбақыт Шоқанқызы
КІРІСПЕ
(Залда көңілді jungle әуені ойнап тұрады. Зал пальма, лиана, тропикалық гүлдер, жануарлар суреттерімен безендірілген.)
(Балалар музыка әуенімен залға кіріп, жарты шеңберге тұрады.)
Ертегілік жүргізуші:
Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар, қонақтар және біздің сүйікімді бүлдіршіндеріміз!
Бүгін бәріміз ерекше мерекеге жиналып отырмыз.
Өйткені бүгін —
1 маусым — Халықаралық балаларды қорғау күні!
Бүгін біз жай ғана мереке өткізбейміз…
Біз жұмбаққа толы, қызыққа бай джунгли әлеміне саяхат жасаймыз!
Бұл джунглиде ән де бар, би де бар, ойын да бар!
Ендеше, мерекемізді бастайық!
Балалардың орындауында ән: «Қошақаным»
(Балалар ән орындайды)
ТАҚПАҚТАР
ТОМИРИС:
Бала, бала баламыз
Бақшамызға барамыз
Күні – бойы қызыққа
Батамыз да қаламыз.
АҢСАР:
Бізбен бірге бар әлем
Қуанады балаша
Қуанышқа бөленген
Өмір қандай тамаша
АЙЗАДА:
Алақай-ау,алақай

Той тойлайық балақай
Қызырғанша алақан
Қол соғайық балақай.
СЮЗАННА:
Біз бақытты баламыз
Ақылдымыз,данамыз
Ертеңгі күні еліміздің
Батырлары боламыз
МЕДИНА:
Мен гүлдерді жұлмаймын
Торғайларды қумаймын
Айтқан сөзді тындаймын
Апайымды сыйлаймын.
Ертегілік жүргізуші:
Жарайсыңдар, балалар!
Неткен әдемі өлеңдер!
Ал енді джунгли бізге алғашқы тапсырмасын жіберіпті!
ОЙЫН №1
«Джунгли шарлары»
Ойын шарты:
Ортада түрлі-түсті шарлар отырғышка байлаулы тұрады.
Екі бала резенкені белдеріне байлап шарды жару керек.
Қай бала тез жарады — сол жеңімпаз!
(Музыкамен ойналады)
Ертегілік жүргізуші:
Тамаша!
Сендер нағыз шапшаң әрі батыл саяхатшылар екенсіңдер!
Балалардың орындауында ән:
«Әжемнің шәйі»
(Балалар ән орындайды)
АТА-АНАЛАРМЕН ОЙЫН
«Баланды тап!»
Ертегілік жүргізуші:
Ал енді құрметті ата-аналар,
сіздерді ортаға шақырамыз!
Қазір біз ана жүрегінің ерекше сезімін байқап көреміз.

Ойын шарты:
Ата-аналардың көзі байланады
Балалар шеңбер болып тұрады.
Ата-аналар балалардың қолынан ұстап немесе басынан сипап, өз баласын табуы керек.
(Көңілді музыка ойнайды)
Ертегілік жүргізуші:
Керемет!
Ана жүрегі әрқашан таниды баласын екен!

ОЙЫН №2

«Көңілді доптар»
Ойын шарты:
Ортаға бір ата ана шығып,ойынға арналған шалварды киеді.Балалар түрлі түсті доптарды сол шалварға лақтырып дөп тигізу керек.

Ертегілік жүргізуші:
Жарайсыңдар!
Біздің джунглидегі балалар өте көңілді екен!
Көңілді jungle би музыкасы қойылады.
Балалар би билейді.
ҚОРЫТЫНДЫ
Ертегілік жүргізуші:
Құрметті балалар!
Сендер бүгін өте белсенді, ақылды әрі көңілді болдыңдар!
Әрқашан жүздеріңнен күлкі кетпесін,
балалық шақтарың бақытқа толы болсын!
Сөз кезегін балабақша меңгерушісіне берейік.
Құрметті ата-аналар,
балаларымыз аман, дені сау, бақытты болсын!
Осымен біздің «Jungle Party» мерекеміз аяқталды!
✨ Мерекелеріңіз құтты болсын! ✨
Сыйлықтар тарату / фотосессия






Балаларды
қорғау күні


Балаларды
қорғау күні


Балаларды
қорғау күні

